

**Яссы ауылдық округі әкімі аппаратына сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың нәтижелері туралы
АНЫҚТАМА**

Кентау қаласы

07.08.2019 жыл.

2018 жылғы 12 қазандағы №336 өкіміне сәйкес құрылған жұмысшы топ тарапынан Яссы ауылдық округі әкімі Д.Кудяров қатысумен Яссы ауылдық округі әкімі аппаратымен 2019 жылдың 7 айында қабылданған шешімдер мен өкімдерге, арыз-өтініштерді мерзімінде қарауға, орын алған заң бұзушылықтарға 07-08 тамыз аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ішкі талдау жүргізілді.

Жұмысшы топпен Яссы ауылдық округі әкімі тарапынан 2019 жылдың 7 айында қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге, құқықтық актілерге талдау жүргізілді. Талдау барысында:

1. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабында белгіленген құзыреті шегінде және әкім аппаратының Ержесіне сәйкес, Яссы ауылдық округі әкімі тарапынан 2019 жылдың 7 айында 10 шешім, жеке құрам бойынша 20 өкім, негізгі қызмет бойынша 15 өкім қабылданып тіркелген. Өкім және шешімдерді тіркеу журналдары тігілген, нөмірленіп, мөрмен бекітілген. Қабылданған шешім және өкімдер бойынша елеулі кемшіліктер анықталмады.

- Жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмысқа тарту туралы ауылдық округ әкімінің 12.02.2019 жылғы №4, 16.02.2019 жылғы №9 т.б. өкімінің преамбуласында «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының атауы толық жазылмаған.

2. Тәртіптік жазалар бойынша:

Яссы ауылдық округ әкімінің «М.Самбетовке сөгіс беру туралы» 09.04.2019 жылғы №7 өкімімен, ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы М.Самбетовке, өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін «ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылған (*негіздемесі Кентау қаласы әкімі аппаратының басшысы С.Дауылбаевтың 08.04.2019 жылғы №1-01-21/3011 санды хаты*). Аталған тәртіптік жаза ауылдық округ әкімінің 08.05.2019 жылғы №15 өкімімен мерзімінен бұрын алынған.

3. Жыл басынан Яссы ауылдық округ әкімі аппараты Түркістан қалалық сотындағы 1 азаматтық іске жауапкер ретінде қатысқан. Талап қоюшы Дуримбетов Ермек Медетбекулының «Иассы ауылдық округ әкімі Б.Раманқұловтың 22.12.2006 жылғы шешімін тіркеуді міндеттеу, кад.№19-307-164-1692 жер теліміне берілген 04.06.2018 жылғы №1968 жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актіні тіркеуді міндеттеу, Иассы ауылдық округ әкімінің Дуримбетов Ермекке жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру туралы 22.12.2006 жылғы №2464 шешіміне түзетулер енгізуді міндеттеу туралы» талап арызы қаралған. Соттың 08.04.2019 жылғы №2-3318 шешімімен талап арыз қанағаттандырылып, ауылдық округ әкімінің 22.12.2006 жылғы №2464 шешіміне түзету енгізу міндеттелген. Яғни, ауылдық округ әкімінің шешімін дайындау барысында азаматтың аты-жөні жазу барысында қателікке жол берілген.

4. 2019 жылдың 7 айында құзырлы органдар, прокуратура тарапынан тексеру шаралары, заң бұзушылықтар бойынша ұсыныстар мен наразылықтар басқа да қадағалау актілері енгізілмеген.

5. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз өтініштерді қарау барысында қолданыстағы заңнамалық актіде белгіленген мезімінен кешіктіріп жолдау жағдайлары орын алмаған.

6. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының бірқатар іс-шаралары тиісті деңгейде атқарылмаған. Талдау барысында аталған кемшіліктерді орындауға шұғыл шараларды қабылдауды ауылдық округ әкімі мен жауапты маманға тапсырылып түсіндірілді.

Жоғарылардың негізінде талдау барысында сыбалас жемқорлыққа жағдай туғызатын мән-жайлар анықталмады.

ҰСЫНЫМ:

1. Алдағы уақытта заң бұзушылыққа жол бермеу, алдын алу шаралары профилактикасын үздіксіз ай сайын жүргізіп, семинар кеңестерді өткізу;

2. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау барысында «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес, мерзімінде қарап, жауабын беру және өтініш иелеріне берілген жауаппен келіспеген жағдайда шағымдану құқықтарын түсіндіру;

3. Құқықтық актілерді (шешімдерді, өкімдерді) дайындау барысында заңнамалық актілердің атауын дұрыстығына, баптарға жасалған сілтемелердің сәйкестігіне зерделеу жүргізу;

4. Құқықтық актілерді (шешімдерді, өкімдерді) дайындау барысында грамматикалық қателерге жол берілмеуін қадағалау;

5. Аппарат мамандарының орындаушылық тәртібін көтеру;

6. Аппаратқа келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу, дер кезінде бақылауға қою, орындалуы бойынша бақылаудан алу шараларын жүргізу;

7. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы іс-шаралардың сапалы орындалуын және атқарылған жұмыстар туралы мәліметті белгіленген мерзімде жолдануын қамтамасыз ету.

Таныстым : Д. Кудияров

Яссы ауылдық округ әкімі Д.Кудияров


«07» 08 2019 жыл

Қала әкімінің орынбасары,
жұмысшы топ төрағасы



С.Расұл

Жұмысшы топ хатшысы,
қала әкімі аппаратының заң және
құқық қорғау органдарымен жұмыс
жүргізу бөлімінің бас инспекторы



С.АЖЫҒАБЫЛОВ